



Бекітемін
ЖШС «Айсана» жекеменшік
балабақшасының меңгерушісі:
Кырманшина Д.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: « **Балапан** » кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09.2023ж.- 22.09.2023ж

Педагогтың аты-жөні : **Сергазина А.М.**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ана баласын қалай еркелетеді?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауының	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарына көңіл аудару. (еңбек дағдылары)	түсіне, құрылымына көңіл аудару. (еңбек дағдылары)	сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)	аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңыздылығы туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)	құрғақ болғанына көңіл аудару, фикус пен аспидистраны сукқұйғышпен суғаруды көрсету. (еңбек дағдылары)
	Құлыншақ ойыншығымен ойнату. Міндеттері. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен,	Сөйлеуді дамытудан ойнатты. "Күн мен жаңбыр". Міндеттері. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен	Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Міндеттері. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады.	Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова

	<p>Желкесінде жалысы бар екен Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және еске сақтауын дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Міндеттері. Мәтін сөздеріне байланысты қимылдарды орындауды үйрету.</p>	<p>Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>таппадым. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы.</p>				

	<p>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқа қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.</p> <p>Отырып-тұру. Екі аяқпен бірге секіреміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Көңілді аяқтар"</p> <p>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.</p> <p>Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.</p> <p>Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді)</p> <p>Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау)</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.</p> <p>Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.</p> <p>Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай!</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірзділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Күніміз қандай тамаша! Көңіліміз де тамаша.</p> <p>Қанекей, шеңберге жиналайық, Шапалақтайық та айтайық: - Тамаша!</p> <p>Д. Ахметова</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Дене шынықтыру. "Қоян секілді жүгірейік".	Музыка. "Сылдырмақтар сылдырлап".	Дене шынықтыру. "Бір, екі, үш! Жүгіреміз!"	Дене шынықтыру. "Қазақстанның туы". Мақсат-міндеттері.	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбыр".

<p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді қайталау; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету іскерліктерін жетілдіру; шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтің басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты сылдырлатуды үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді тыңдау арқылы зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сыр-сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету;</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтің басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл</p>	<p>Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен таныстыру; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру. Тыныс алу жаттығулары. "Тура жолмен жүрейік" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жаттығу тура жолмен жүру арқылы дем алу, дем шығару мақсатында ұйымдастырылады. (дене шынықтыру)</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаштың ұшымен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр құбылысы жөнінде түсініктер беру. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Ауызша нұсқаулар</p>
---	---	---	---	--	---

	қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. "Қоян секілді секіреміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Мәтін сөздеріне сай қимылдар көрсетуді үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	сылдырмақты сылдырлатуды қимылмен үйлестіре білуге баулу. "Сылдырмақтар" музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыкалық аспаптарды дыбысынан тануды үйрету. Зейін еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін дамыту. (музыка, сөйлеуді дамыту)	жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. "Қоян қалай жүгіреді?" <i>жаттығуы.</i> Мақсат-міндеттері. Қимылдарды педагогке еліктеп қайталауды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)		бойынша қимылдар жасауды үйрету. (сурет салу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Күнді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырайтынын байқату, жылу мен жарықты беруі	Күзгі ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі туралы жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты, салқын болуына	Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі	Топырақты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді	Ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып

	<p>туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>- Айналаға қарандаршы, балалар, жапырақтар сарғайды.</p> <p>- Аспанды бұлттар қаптады.</p> <p>- Адамдар жылы киіне бастады.</p> <p><i>Қ. Ыдырысов "Күз".</i> Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп,</p>	<p>бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту.</p> <p>- Балалар, аспанға қарандаршы.</p> <p>- Бұлар не?</p> <p>- Иә, бұлар ақ бұлттар.</p> <p>Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар.</p> <p>Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады.</p> <p>- Қарандаршы, балалар! Көшемізде мұнара бар. Бойы биік, зор болып тұр, Ақшыл бұлтты тіреп тұр.</p>	<p>ұсыну.</p> <p>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді.</p> <p>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді.</p> <p>Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан, түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін</p>	<p>тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауды, педагогтің көрсетуіне еліктеуді үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).</p> <p>Бұл келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында</p>	<p>қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға көрсетілген жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.</p> <p>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш жеріне қадап қояды.</p> <p>- Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.)</p> <p>- Жарайсындар!</p> <p>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік.</p>	<p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгі бойынша қозғалуға ынталандыру.</p>	<p>дамыту.</p> <p>"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен кейін бір сапта жүру әдебін дамыту.</p> <p>Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша.</p> <p>Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық.</p> <p>Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>"Шеңберге көзде" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанаға (құм салынған қап) қапты көздеп ату, ептілік, мергенік қабілеттерін дамыту.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуді үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.</p> <p>Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркемсөзбен сүйемелдейді.</p> <p>Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, жайқалып.</p> <p>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мұқият болыңдар! Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты бірге қосып секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға,</p>	<p>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Әткеншек" қимылды ойыны.</p>	<p>дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауды үйрету; кеңістікті бағдарлауды, мұқияттылық пен достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
--	---	--	--	---------------------------------------	--

		ойыншықтарын бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттері. Балалардың шеңберге тұру, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға.				

	<p>Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.</p>				
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сенсорикадан ойын-жаттығу. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балаларды үлгіге немесе сөздік нұсқауға сүйеніп, біркелкі заттарды піші және түсі сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылауды, біріктіруді, бөлуді, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; біркелкі заттардың айырмашылықтары туралы түсінік беру.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы және өсуі туралы туралы түсінік беру; ойын барысында жаңбырмен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру. "Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Текшелермен ойын. Мақсат-міндеттері. Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету. Құралдар: текшелер. Бірге үй саламыз (қол белде). Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ) Төменнен бастаймыз (қолды алға созу), Қайта отырамыз (отыру),</p>	<p>"Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленулері үшін мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Түстер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды түстеріне қарай ажыратуды үйрету; заттарды түстеріне қарай жұптарға жинауға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: әртүрлі зарттардың суреттері (арасында түстері бірдей жұптар</p>

	<p>"Жалауға қарай жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. "Жалауша" тақпағын оқу, қимылдар жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстанның Туын тануды және атауды; жалауша туралы тақпақты тыңдауды, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова</p>	<p>Аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету. Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлену білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ – байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Д. Ахметова</p>	<p>Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға). (құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>орналасқан). (құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p>
Балалармен жеке	Алдымызда ұзынша,	"Жапырақтар".	Б.	Саусақ ойыны. "Тоқ-	Құлыншақ

жұмыс	Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу әдісін игерту. (мүсіндеу)	Бісқақовтың "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу. Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (сөйлеуді дамыту)	тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	ойыншығымен ойнату. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен, Желкесіндегі жалы желкен, Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігімен шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.				

<p>қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Қиылған суреттерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. Қазақстанның Туын көрсету. "Жалауша" тақпағын оқу. Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстанның Туын тануды, атауға үйрету; отансүйгіштікке тәрбиелеу. Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері", "Ата-ана баласын қалай еркелетеді?"</p>